

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
МАД 0 «Б» сыныбының 2023-2024 оқу жылына арналған
ата-аналармен жұмыс жоспары

№	Тоқсаны мен жылы	Тақырыбы	Жауапты
1	I. 2023 жыл	1.Ата-аналар жиналысы «Жаңа оқу жылы құтты болсын!» Баяндама «Бала тәрбиесі» 2.«Алтын күз» ертеңгілігі	Тәрбиеші: Абдулаева А.А
2	II. 2023 жыл	1.Баяндама: «Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі» 2. «Шырша мерекесі»	Тәрбиеші: Абдулаева А.А
3	III. 2024 жыл	1.Кеңес «Баланың тілін дамытуда ата-ананың рөлі » 2. «Әз-Наурыз мерекесі құтты болсын» ертеңгілігі	Тәрбиеші: Абдулаева А.А
4	IV. 2024 жыл	1.Ата-аналарға арналған тренинг: «Балаңыз мектепке дайынба?» 2.«Қош бол, даярлығым» ертеңгілі	Тәрбиеші: Абдулаева А.А

Орындаған: А.Абдулаева

Мектепалды сыныбының ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттамасы №1

Мерзімі: 04.09.2023ж

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: -

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналармен танысу.
2. Баяндама: «Бала тәрбиесі»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі сөз сөйледі. Топтағы баллардың ата-аналарымен танысты. Ендігі кезекте ұйыдастырылған оқу қызыметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша мектепалды сынып тәрбиешісі «Менің отбасым және ондағы менің орыным» баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар баяндамада көп деген жақсы кеңестер алғанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша мектепалды сынып тәрбиешісі балалар тізімін таныстырып ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды. Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымын сайлады.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талаптарды өз деңгейінде орындалсын.
 2. Баяндама оқылды.
- Ата-аналар комитетінің төрайымы: Алматаева Мадина
Хатшы: А.Абдулаева

Хатшы:  Абдулаева.А.

Оқыған: Абдулаева.А.

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: -

Балаға байқап сөйлесен, ақылыңа көнер,

Байқамай шайқап сөйлесен, көрсетер бір «өнер».

Бала өзін жақсы көргенді, өзімен ойнағанды, сөйлескенді, көңіл бөлгенді қалайды. Бұл нәрселерге аса қажеттілігі бар. Бала өзіне салқын, қабағын түйіп, дөрекі және қатты мәміледе болған үлкендердің оны жақсы көрмейтінін ойлайды және күйзеліске ұшырайды.

Балаларға тек насихат айтудың көп жағдайларда әсері болмайды. Мәселен он рет оған “Тамақтан бұрын қолыңды жу” деп айтудың орнына бір рет “Кәне екеуміз бірге қолдарымызды жуайық!” деп бірге істеу одан да әсерлі болып табылады. Оған бір нәрсені істе дегеннен кейін, ол нәрсені істеп-істемегенін қадағалау керек. Бұл қадағалау оның бұдан кейін де айтылған нәрсені орындауы үшін қажет. Оның қолынан келмейтін немесе істемейтіні мәлім болған нәрселерді айтпау керек. Олай болмаған жағдайда істеп жүрген қарапайым нәрселерді де істемейтін болады.

Шайнап берген ас болмас

Қазіргі таңда жасалып жатқан қателердің бірі жеткіншек балаларымызға жасалып жатқан мәміле. Бәрінен бұрын балаларға өз аяғына тұруды үйретуде осалдық танытудамыз. Көп отбасылар біз көп қиыншылық көрдік, баламыз таршылық көрмесін, осылар үшін тауып жатыр емеспіз бе деген сияқты желеулермен баласы не қаласа алып беруде, айтқанының бәрін орындауда, шамадан тыс қорғаштауда және еңбекке баулуда осалдық танытуда.

Бала және өтірік

Балаларыңызға ешқашан, қалжындап болса да өтірік айтпаңдар. Өтірік айтқаныңызды түсінген бала мұны қалыпты нәрседей қабылдап, ол да өтірік айта бастайды. Балаңыз тәртіпті, жүйелі өмірді сізден үйренеді. Ойыншықтарын орнына қоюды, киімдерін көтеруді үйретуіңіз керек. Бірақ айқайлап ұрыспастан мұны ойын халіне келтіріп атқару керек.

Балалар көбінесе бұзықшылық жасағанда өтірік айтады. Айтқан әрбір сөзіне дереу сене салу да баланы өтірікшілікке дағдыландырады. Бала өтірік айтумен мәселенің жабылатынын, ата-ананың сол мәселе жайлы көп сұрамайтынын білсе, бұзықшылығын жалғастыра беретін болады, әрі сөздерінің арасына да көп өтіріктерді қосатын болады. Баланы ұру дұрыс емес. Бала таяқ жеуден қорқады, бірақ істейтін қылығын жасырын жасай бастайды. Мұның салдарынан бала қиындықтан өтірік айтып шығуға, алдауға әдеттенеді. Көп өтірік айтуды әдеттеніп өскен балалар кейінгі кезеңдерде өз өтірігіне өзі де сенетін болады, сенімсіз тұлға ретінде қабылданады, елге масқара болады.

Баланы кішкентай кезінен бастап адалдыққа дағдыландыру керек. Өзгенің мал-мүлкін тартып алуды, өтірік айтуды, жаман, жиіркенішті қылып түсіндіру керек. Осындай тәрбиемен өсіріп, балиғат жасына толғанда бұл әдептердің ерекшеліктерін, маңыздылықтарын үйрету керек.

Қорқыныш кинолары

Қорқыныш және зұлымдыққа негізделген кинолар балаларды агрессивті болуға, келеңсіз қылықтарға бағыттайды. Мұндай киноларды балалардың көруі рух саулығы тұрғысынан да өте зиянды. Қорқыныш пен зорлық-зомбылыққа негізделген кинолар мектепке дейінгі балалардың киял күшін шектен тыс азықтайды. 3-6 жас аралығындағы балалар үшін бұлардың шындық емес екендігін түсінуі қиын болады. Мәселен супермен фильмін көрген бала өзінің де кинодағыдай ұша алатынын ойлап, кинода көрген әдеттен тыс әрекеттерге қол ұруы мүмкін.

Аздаған кеңес

- Балаларыңыздан қайғыларыңызды, дерттеріңізді жасырыңыздар.
 - Баланы жанұядан біреу ұрсып, сөгіп жатқанда, бұл ұрысқаны әділетсіздік болса да, жанұядағы басқалары баланы жақтамауы керек.
 - Олардың жанында әрқашан жайдарлы, күлімдеген, жарқын жүзді болыңыз!
- Жабыркаулы, мұңды адамдардың жанында балалар қатты әсерленеді.
- Балаларыңызды өзгелердің жанында ұрыспаңыз! Кішкентайлардың да намысы, ренжитін өздеріне тән көңілдері бар.
 - Балаларыңызға жасаған қателіктерін мойындауды үйретіңіз. Кемшіліктерін білуі және оны жасамауға тырысуы, өмірде жетістікке жету - сырларының бірі.
 - Батыл мінезді болуыңыз баланы көптеген жаман әрекеттерден сақтайды.
 - Балаларды ешқашан өтірікшілікпен айыптамау керек.
 - Балаларыңызды бір-біріен ешқашан бөлектемеңіз.
 - Балалардың тәкаппарлануына ешқашан көз жұмбау керек.
 - Балаларға өткінші емес, тұрақты тәрбие беруге тырысу керек.
 - Балалардың көңілді және қуанышты болуларына тырысу керек.

«Тәрбиедегі ата-ана рөлі»

Оқыған мектепалды сынып тәрбиешісі: Абдулаева.А

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 2

Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – тұған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да:

«Ана – үйдің берекесі,

Бала үйдің – мерекесі.

Бұтағымен ағаш сымбатты,

Ұрпағымен адам қымбатты.

Бала болсаң балғындай бол.

Айналаңа қорғандай бол» -деген

қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз өз ұрпағын адам – деген атаққа лайық етіп өсіруді мақсат еткен.

Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірлі мейіріне қанып, әке өсиеттерін тындап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққаны көпке таңытыды.

Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам

бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады.

Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе?

Ана тәрбиесі ұлылық дәнін себеді. Тәрбиелі анадан – тәрбиелі бала өсіп шығады.

Сонғы жылдары отбасында, қоғамда ер адамдардың, әкелердің рөлі төмендегендей.

Бұған кейде заманды да кінәләп жатамыз. Әрине, бала тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Кавказ халықтарында да: «Нағыз жаылы орын: қылышқа – қынабы, отқа – шырағы, ер жігітке – өз үйі» – деген тамаша нақыл сөз бар.

Қазақстан Республикасы Ата Занының 27 бап, 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» - делінсе, «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелеріне сонау алыс болашақта, олар біздің

жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді...» деліні, ұрпақ тағдыры айтылады.

Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларның көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өіне мейрімді, еңбеккер, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. Егерде ол, бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатына ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат. Бала тәрбиесі туралы сөз болғанда: «Баланы жастан» – деген халық даналығын ұмытуға ешкімнің хақысы жоқ. Сондықтан, «бала жас, әлі ешнәрсені білмейді, өсе келер бәрі түсінеді», – деп қарау – барып тұрған қателік. Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, күрделі процесс. Тәрбие отбасынан басталады, оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды.

Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде:

«Обасы – шағын мемелеке,

Мен – президент, сен – премьер», дегені бар.

Отбасы – ең үлкен, мықты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оны мәдени- әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибиесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибиесі, өмірдегі беділі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-ананың ықпалында болып, бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Өз отбасында бала ата-ананың қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылмдарынын алуы, оларды меңгеріп іс- жүзінде қолданудың ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр ететін жолынан өтуге тиіс.

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,

Өнермен қуантады түбінде.

Бала нені білсе жастан, ұядан –

Өле-өлгенше соны таныр қиядан.

Өнер – білім берем дасең басыннан,

Бер оқуға балаларды жасынан,

Жақсы-жаман болса, бала – соларда», – деп

XI ғасырда Жүсіп Баласағұн айтқандай, ата-аналар балаларының жеке ерекшеліктерін жас күнінен танып, соған қарай бағыт-бағдар тәрбие берудің маңызы ерекше.

Отбасынадағы тәрбиенің кереметі – баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды. Өйткені, ежелгі Рим философы Гораций айтқандай: «Өмір еңбексіз ештеңе бермейді.» Сондықтан: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу басты нысана болуы тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелелері арасындағы қарым-қайынаста әдеп-инибат, адалдық пен ақпейілдік үстем бола алады.

Барлық балаларға, соның ішінде ұл балаға оның қалыпты дамуына анасының да, әкесінің де, яғни екеуінің де маңызды да мәнді тәлім тәрбиесі қажет. Қай отбасында

болмасын ана барлық балаларына үнемі жақын болып, өзінің аналық мейірімі мен махаббатына бөлейді. Ал ұл бала үшін әкесі жынысына байланысты жақын және олардың мінезі-құлықтары мен қарым-қатынасында көптеген ұқсастықтар анықталады, сондықтанда ұл баланың қабілеттілігі әкенің ықпалына байланысты деп айтып жататыны осыдан.

Әке ұлына күшті жыныс өкілі ретінде үлгі болады. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Ер бала ең алдымен әкенің өнегесінен нағыз ер адам қандай болу керектігін қабылдайды. Сондықтанда әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, ұлтжандылыққа, әйел баласына серілік қарым-қатынас танытуға, отағасы қандай болу керек екендігін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға талпынуға тәрбиелеуі керек.

Ал ананың міндеті ұлының алдында барлық әйелге тән жақсы қасиеттерді көрсете отырып, өзінің шынайы және шексіз махаббатымен ұлынан да әйел баласы алдында сондай жауапты қасиеттерді көрсетуге шақырады және оның эмоционалды дамуына себепші болады. Ер баланың анасына деген қарым-қатынасы белгілі дәрежеде қыз балалармен жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру мәнін игеруге мүмкіндік тудырады, адамдарға қамқорлық жасауға үйретеді, өзінің маңайындағыларға қажетті көмек жасауға ықпал етеді.

Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсетсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады. Ер бала бойында болып жатқан кез келген өзгерістерді ескеріп, ата-ана баламен жүргізетін тәлімдік, тәрбиелік істерді олардың барлық қырынан зерттей, ішкі «Меніне» әсер ететіндей ешқандай іс-әрекетке бармай, жақын досындай ақыл-кеңес бере отырып жүргізуі қажет. Сонда ғана ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас оң нәтиже береді. Сондықтан да, әрдайым өзіндік педагогикалық білімді толықтырып отыру, басқа да ата-аналардың тәжірибелерінің жағымды жақтарын қолдану, мектеп пен мұғалімдермен бірігіп жұмыс істеуді қолға алу, ата-аналарға арналған өзіндік лекцияларды тыңдау, әдебиеттерді оқу керек. Бір сөзбен айтқанда, егер сіздің балаңыздың өмірде белгілі деңгейде жетістікке жетуін қаласаңыз, жеке тұлға ретінде, маман ретінде ашылуына еңбектендіре отырып, көмек беру қажет. Бұл ата-ана үшін, балалар үшін және қоғам үшін өте тиімді.

Бүгінгі таңда ата-анасы қасында болса да қадір-қасиетіне жете алмай, ұлдарымыз маскүнемдік пен нашакорлыққа бой алдырып, қыздарымыз шылым шегіп, жеңіл жүрістерге түсуі отбасындағы тәрбиенің дұрыс жолға қойылмауының айғағы.

Шариғатта да алтын ұя – отбасы жоғары бағаланып, оны бала тәрбиелеп өсіруіне бірінші дәрежелі мән берілген. Ойткені: «Балалар – ата-аналар қолына берілген аяулы аманат.» Бұл ғажайып құдайшылдық аңықтаманы жадыда ұстау былай тұрсын, әр үйдің мандайшасына іліп қою тұрарлық. Баланы өздігінен өмір сүруге мүлде қабілетсіз нәресте кезінен бастап бақытты балалы шақ, жеке шаңырақ көтергенге дейінгі жастық жолдары өтетін отбасын бақытты жағалауын бетке алып, өмір – айдынында жүзіп бара жатқан қайыққа тенесек, оның қос ескегі – әке мен ана дер едік.

№3 Ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Мерзімі : 15.03.2024ж

Қатысқаны: 16

Күн тәртібінде:

- 1.Ата-аналарды жалпы іс-шаралармен таныстыру. 22 Наурыз іс-шарасы
- 2.Ата-аналарға отбасында тәрбие беруді сараптаушы жадынамасын түсіндіру.
3. Кеңес: «Баланың тілін дамыту»
- Балаңызға қандай кітап сатып алып бересіз?

Сауалнама .

1.Тыңдалды. Ата-аналарды мектепте атқарылатын іс-шараларға тоқталды. Оның ішінде Наурыз айында болатын мерекесін атап өту туралы, ертеңгіліктердің түрлері, семинарлар үшін кеңестер т.б жоспарланған. Ашық есік күндері ата-аналармен өткізілетін , ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекеттері де жоспарланған-деді.

2.Тыңдалды.

Мектепалды тәрбиешісі өз сөзінде ата- анаға «**Баланың дамуы**» тәрбие беру жаднамасын баяндады.

-Халық ауыз әдебиетімен таныстыру.

-Тұрмыстық техниканы қолдануды үйрету.

-Қазақ және басқа да халықтың музыкалық шығармаларын тыңдау.

-Рухани адамгершілік , мінез құлық негіздерін игеруін қамтамасыз ету.

-Еңбек әрекеттеріне жағдай жасау.

-Табандылық , еңбекке талпынушылық және басқа ерік жігер қасиеттерін дамыту.

Міне , осы жаднаманы біз болып, сіз болып жүзеге асыратын болсақ, дені сау ұрпақ тәрбиелей алатын боламыз-деді. Ата-аналарға сіз балаларыңызға қандай кітап сатып алып бересіз деген сұрақты қойды. Ертегі оқып , әжесінің әңгімесін тыңдаған бала басқа балаларға қарағанда жоғары деңгейде көрініп тұратындығы айтылды.

Шешімі :

1.Ата-аналарға түрлі кітаптар әкелулері тапсырылсын.

2.Отбасында тәрбие беруді , сараптаушы жаднамасын тәрбиешілер басшылыққа алсын.

Хатшы:  Абдулаева.А

Баланың дамуы

Оқыған топ тәрбиешісі: Абдулаева.А

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 1

Ата-аналар баланың бірінші қоғамдық ортасы болып табылады. Әрбір адамның өмірінде ата-анасының жеке басы маңызды рөл атқарады. Басымызға киыншылық түскен кездері ата-анамызды, әсіресе анамызды ойға алатынымыз кездейсоқ емес. Ал ата-аналардың сүйіспеншілігін қажетсіну – кішкентай адам үшін өмірлік маңызды қажеттілік.

Ата-ана сүйіспеншілігі – адам өмірі жақсы болуының, дене және рухани денсаулығының көзі және кепілі.

Сондықтан да ата-аналардың бірінші және негізгі міндеті балаға жұрттың оны жақсы көретінін және оған қамқорлық жасалатынына сенімділік тудыру болып табылады. Ешқашан, ешқандай жағдайда баланың ата-ана махаббатына күдіктенуіне жол беруге болмайды. Ата-аналар міндеттерінің ең табиғиы, ең қажеттілігі – балаға қай жаста болсын сүйіспеншілік таныту, көңіл бөлу.

Отбасылық тәрбиеге қойылатын басты талап - балаға деген сүйіспеншіліктің болуы. Бірақ бұл жерде баланы тек жақсы көру жеткіліксіз, ең бастысы күнделікті балаға қарым-қатынасымызда, оны тәрбиелеу кездерінде бала өзін жақсы көретіндерін түсінуі, сезінуі, сенімді болуы, оның ата-анасымен қарым-қатынасында немесе ерлі-зайыптылардың бір-бірімен қатынасында қандай жағдай орын алып жатса да өзін басы артық жағдайда ғана адамның психикалық әлемі дұрыс қалыптасады, тек махаббат негізінде адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыруға болады, тек махаббаттан ғана махаббат туады.

Баламен үнемі психологиялық байланыста болу - барлық ата-аналарға бірдей дәрежеде ұсынылатын, тәрбиеге қойылатын әмбебап талап. Нақ осы ата-ана махаббатын, үйірлігі мен қамқорлығын сезінуге және саналауға мүмкіндік береді.

Байланысты сақтаудың негізі – баланың өмірінде өтіп жатқанның барлығын біліп отыруға мүдделік таныту, оның балалық, тіпті түкке тұрмайтын, аңғал проблемаларына шынайы көңіл аудару, өсіп келе жатқан адамның жан-дүниесінде өтіп жатқан барлық өзгерістерді қалт жібермей біліп отыруға ынта танытушылық. Байланыс ешқашан өз-өзінен пайда болмайды, тіпті нәрестемен байланысты да қолдан құруға тиіспіз. Өзара түсіністік, балалар мен ата-аналар арасындағы эмоциялық байланыс туралы сөз болғанда біз қандай да бір диалог, бала мен ересек адамның бір-бірімен өзара әрекеттестігі жайлы айтамыз.

Көзқарастар теңдігі дегеніміз – баланы тәрбиелеудегі оның белсенді рөлін мойындау. Адам тәрбие объектісі болмауы тиіс. Ол қашанда өзін-өзі тәрбиелеуші белсенді субъект. Ата-ана өз баласының жан-дүниесіне оның өз жетістіктеріне жету, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін оята алатындай дәрежесінде ғана билік жасай алады.

Баламен қарым-қатынас жасау, оған деген жоғары сүйіспеншілігіңді көрсете білу ретінде, оның өзіне тән жеке-даралығын үздіксіз, қажымай-талмай тани білуге сүйене отырып құрылады. Баланың ішкі әлеміне, эмоциялық жағдайына үнемі сыпайы ғана үңіліп отыру, онда болып жатқан өзгерістерді, әсіресе жан дүниесінің құрылысын сезіну – осының барлығы қай жастағы болмасын бала мен ата-ана арасындағы өзара терең түсініктің тууына негіз қалайды.

Баланың жеке-басын және мінез-құлық қасиеттерін теріс бағалаудан үзілді-кесілді бас тарту керек. Өкінішке орай, көпшілік ата-аналар үшін: „Неткен ұқпайтын баласың! Сааған неше рет айтуым керек”, „Сендей бірбеткей, оңбаған баланы туып нем бар еді!”, „Сенің орнында басқа біреу болса, айтқызбай-ақ ұға қояр еді!” тағы да басқа деп сөгу үйреншікті әдетке айналып кеткен.

Ата-ана махаббатының шынайы формуласы, қабылдау формуласы – бұл „мен сені жақсы болғанын үшін ғана емес, сенің бар болғанын үшін, қандай болсаң да осы қалпында жақсы көремін”.

Баланың қара басын емес, оның әрекеттері мен қылықтарын бағалауды авторлықты ауыстыра отырып жүзеге асырудың маңызы зор. Шынында да балаңызды икемсіз, жалқау немесе салақ деп атағаныңызбен бала келісіп, мінезін өзгерте қоймайды. Ал егер баланың жеке басын толық мойындай отырып, оның тек қана нашар қылығын талқыға салатын болсаңыз, бала өз мінез-құлқына өзі баға беріп, дұрыс қорытынды жасай алады. Ол қателесуі де мүмкін, содан келесі жолы ерік-жігерінің әлсіздігінен неғұрлым жеңіл жолды тандап алады, бірақ ерте ме, кеш пе, әйтеуір көздегеніне жетеді, бұдан сіздің баламен байланысыңызға нұқсан келтірмейді, керісінше, қол жеткен жеңіс қуанышы сіздердің ортақ қуанышыңызға айналады.

Ата-ананың баланың теріс бағалауға бақылау жасауы тағы мына себептен де керек: көбіне ата-ананың баласына ұрсуы мүлде басқа себептен, өзінің мінез-құлқына риза болмаушылық, ашулану немесе шаршағандықтан туындауы мүмкін. Теріс бағалаушылықтың артында әрқашанда кіналау мен ашу тұрады. Қабылдау балалардың өз ішінде жатқан уайымына үңіле білуге, „жүректердің үндесуі” әсерінің пайда болуына мүмкіндік береді. Ашу емес, уайым, кекшілдік емес, іш тарту - өз баласын шын жақсы көретін, қабылдай алатын ата-ананың эмоциялары осындай болмақ.

№4 Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Мерзімі: 16.05.2024ж

Қатысқаны: 17

Күн тәртібінде:

- 1.« Біз бір жылға есейдік» оқу тәрбие жұмысына есеп беру.
2. Ата-аналарға арналған тренинг: «Балаңыз мектепке дайынба?»

1. Тыңдалды.

Ол оқу тәрбие жұмысының есебіне тоқталды. Міне , ата аналар бір жыл бойы сіздердің балаларыңызбен жұмыстар жүргізіп келдік. Оқу жылының бірінші және екінші жарты жылдығында білім бөліміне балалардың бағалау индекаторын шығарып, тапсырып отырамыз. Индекатор балаларды әр сабақ бойынша бағалап , балдық деңгейін көрсету. Әр пән бойынша әр баланы жеке жеке бағалап шығамыз. орта ,төмен деңгейдегі балалардың 80пайызы жоғары деңгейге жеткені туралы айтылды. Келген ата- аналарға балаларының білім деңгейін ашықтап берді. Тәрбиешілер өз есептерін ата аналарға берді. Өз баласының білім деңгейін есіткен ата-ананың арасында қуанғаны да , таң қалғаны да кездесті.

2.Тыңдалды.

Ата-аналарға арналған тренинг: «Балаңыз мектепке дайынба?»

Тәрбиеші ата-аналарға арналған тренингте Балаларының қаншалықты мектепке баруға дайын екендігі туралы айтып өтті.Жәнеде қызықты ойындар арқылы,ата-аналар өздерінің қандай ата-ана екендігін,өз-өздеріне баға берді.Тренинг ата-аналарға өте қызықты болды. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін ең бірінші баламен сөйлесу, көңіл бөлу керек екендігін көп деген ата-аналар өз қателіктерін түсініп отырды.

Шешімі :

1. Бірінші сыныпқа балалар дайындаулды әліде жаз уақытында қолға алу.

Хатшы:  Абдулаева.А

Тренинг «Балаңыз мектепке дайын ба?»

Өткізген: Абдулаева.А

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны:17

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде отбасының ықпалы басым екендігі даусыз.Дегенмен, осы кезге дейін қоғамдық тәрбиеге көп назар аударылып, жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастырып дамытуда, оның мектепалды дайындығын камтамасыз етуде балабақшаның жетекші рөлі атқарылды.Ендігі жерде, мектеп жасына дейінгі баланың бүкіл өмірін ұйымдастыру, оның денсаулығын нығайтып, ақыл-ой, адамгершілігін тәрбиесін жетілдіріп, түптеп келгенде мектепке даярлау, тікелей ата-ананың үлесіне тиеді.

Ата-ана ең алдымен мектептегі оқу даярлықты қалыптастырушы үшін келешекте балалардың оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге және ұжымға жеңіл бейімделуіне алғы шарт жасау қажеттігін терең түсініп алуға тиіс. Отбасында баланы мектепке дайындауға оның қызығушылығы мен қабілетін дамыту, отбасындағы ересектердің өмірлік тәжірибелері арқылы жүзеге асырылады.

Бала негізгі өнегені ең алдымен отбасында ата-анасынан алады.Әркім өзінің баласын жаман болсын, еліне, халқына пайдасын тигізетіндей бір маман иесі, үлкен дәрежені қызмет иесі болса екен деп те тілейді.

Кеңес. «Балаңыз мектепке дайын ба?»

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде отбасының ықпалы басым екендігі даусыз.Дегенмен, осы кезге дейін қоғамдық тәрбиеге көп назар аударылып, жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастырып дамытуда, оның мектепалды дайындығын камтамасыз етуде балабақшаның жетекші рөлі атқарылды.Ендігі жерде, мектеп жасына дейінгі баланың бүкіл өмірін ұйымдастыру, оның денсаулығын нығайтып, ақыл-ой, адамгершілігін тәрбиесін жетілдіріп, түптеп келгенде мектепке даярлау, тікелей ата-ананың үлесіне тиеді.

Ата-ана ең алдымен мектептегі оқу даярлықты қалыптастырушы үшін келешекте балалардың оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге және ұжымға жеңіл бейімделуіне алғы шарт жасау қажеттігін терең түсініп алуға тиіс. Отбасында баланы мектепке дайындауға оның қызығушылығы мен қабілетін дамыту, отбасындағы ересектердің өмірлік тәжірибелері арқылы жүзеге асырылады.

Бала негізгі өнегені ең алдымен отбасында ата-анасынан алады.Әркім өзінің баласын жаман болсын, еліне, халқына пайдасын тигізетіндей бір маман иесі, үлкен дәрежені қызмет иесі болса екен деп те тілейді.

Баланың мектепке дайын ба?

Ата-аналар! Бала мектепке барғысы келе ме? Қызығушылығы бар ма?

Осы сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру арқылы баланың білімі қандай деңгейде және мектепке барғанда нені білу керек екені анықталады.

1. Барлық дыбыстарды айта білу;
2. Бұндай алу;
3. Элементтер түрін жаза білу;
4. 1-ден 10-ға дейін тура және кері санай білу;
5. Өз аты-жөнін, мекен-жайын, туған күнін толық білу;
6. Ата-анасының аты-жөнін толық білу;
7. Жұмыс орнын, қызметін білу;
8. Мамандық түрлерін білу;
9. Адамның суретін салу, әр мүшесін атап беру (бас, аяқ, қол, көз, т.б.)
10. Жыл мезгілдерін білу;
11. Қазақша ай аттарын, апта күндерін білу;
12. Геометриялық пішіндерді атау, суретін салуды білу;
13. Сурет бойынша әңгімелей білу;
14. Құстардың аттарын білуі;
15. Балалар өз ойын толық жеткізе білу;
16. Оң, сол қолын ажырата білу;
17. ҚР рәміздерін білу;
18. Сөздерге сөйлем құрай білу;
19. Ұлттық ойындарды атай білу;
20. Үй және жабайы жануарларды ажырату;
21. Өлең, мақал-мәтел, жаңылтпаш айта білу;
22. Көлік түрлерін ажырата білу /суда, әуеде, жерде/
23. Ертегілерді атай білу және мазмұнын айту;

Жауап бергеніңізге рахмет!

Аты-жөніңіз:

Баланың аты-жөні: